

№ исх: ДЗ-222 от: 20.12.2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ**

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

**МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201__ ЖЫЛҒЫ “ ____ ” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

« __ » _____ 201__ года
№ _____

2018 жылғы 19 желтоқсанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

2015 жылы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қайыршылық үшін айыппұл түріндегі жазаны көздейтін түзетулер енгізілген болатын. Қоғамда айыпталатын жаза әкімшілік жазаланатын жаза санатына ауысты. Жаңа кодекс қабылданған кезден бастап төрт жылдай уақыт өте келе, біз заңнамалық түзетулердің ерекше бір әсері болмағанын айта аламыз. Оның үстіне, жұмсартылған нормалардың арқасында қайыршылық айтарлықтай кең құлаш жайып отыр.

Тәртіп мәселесі бірінші кезекте қаралуға тиіс Астананың өзі де бұл проблемаға тап болып отыр. Елорданың оң жағалауында ересектер мен балалар – көршілес елдерден келген көшіп-қонушылар да, еліміздің азаматтары да қайыр сұрап жүреді. Мүгедектер арбасындағы адамдарды «қайыр сұрау нүктелеріне» әкеліп, «жұмыс істеуге» отырғызып қоятыны, ал күн аяғында түскен ақшасының бәрін алып қоятыны алаңдатады. Бұл

қайыршылықтан бизнес жасаған нағыз топтар. Құқық қорғау органдары дереу мұндай фактілердің жолын кесуге тиіс.

Қаланың шеті, базарлар, вокзалдар, мешіттер мен шіркеулердің жанындағы аумақтар қайыршылықпен күнелтіп жүргендердің әлеуметтік қолайсыздығы мен күн көруге деген жанкешті талпыныстарын көрсетеді. Ал астананың әкімшілік орталығы – сол жағалауда – белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар құрылысы аяқталмаған тұрғын үй кешендерінде баспана тауып, аулалар мен балалар алаңдарын шарлап жүреді. Көпшілік жағдайда бұл адамдар маскүнемдер, нашакорлар және әлбетте, өздері емделмейтін әртүрлі елеулі ауруларды тасымалдаушылар болып табылады. Қазір суық басталғаннан бері бұл проблеманың өзектілігі арта түседі – қаңғыбастар баспана іздеп, тұрғын үйлердің кіреберістеріне, жертөлелер мен жылу люктеріне қоныстана бастайды.

Баспанасыздар, қайыр сұрайтын адамдар санының азаймауы айыппұлдар сияқты жазалау шаралары арқылы бұл әлеуметтік проблеманы шешуге келмейтінін дәлелдеп отыр. Оның үстіне, қайыр сұрап жүрген адамнан айыппұлды қалай алуға болады? Үкіметке аталған көкейкесті проблеманы шешу бойынша анағұрлым ақылға қонымды шараларды әзірлеу қажет.

Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар мен қайыршылардың басым көпшілігі еңсерілмейтін өмірлік мән-жайлар оларды қыспаққа алғандықтан емес, қарапайым жалқаулық, масылдық көзқарас, қоғамның белсенді мүшесі болуға деген ынтасының болмауы салдарынан бейәлеуметтік өмір салтын жүргізе бастады. Сондықтан, көңілі жұмсақ азаматтар оларға садақа беріп, үлкен қателік жасайды және осылайша, арамтамақтықты көтермелейді. Біздің берген садақаларымыз оларды аздырады! Бұл тұрғыдан шет елдердің үлгісіне ерген орынды болмақ, онда қайыршыларға емес, соларға садақа беретіндерге айыппұл салынады.

Қазақстанда әлеуметтік қызметтер жүйесінде көптеген проблемалар бар. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болған адамдарға

арналған баспана орталықтар, егер полициядан алған тиісті қағазы болмаса, әйелдерді қабылдамайды. Төрешілдік салдарынан, қиын жағдайға тап болған әйелдер балаларымен бірге далада қалады, кейіннен тіпті қайыр сұрауға шығып жатады. Егер әйелдерді осындай баспана орталықтарға қабылдаудың катаң қағидалары орын тапшылығына байланысты болса, онда осыған ұқсас әлеуметтік мекемелерді қосымша салу туралы мәселені көтерген орынды емес пе?

Осы айтылғандарды ескере отырып, мынадай сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын:

1. Қайыршылардың еңбегін қанап пайдаланатын ұйымдасқан топтарды болғызбау мақсатында ПМ қандай шаралар қабылдайды?
2. Қаңғыбастар мен қайыршылардың санын азайту үшін Үкімет қандай шаралар қолдануды көздеп отыр?
3. Елімізде тұрғылықты жері жоқ адамдарды сәйкестендіру жүргізіле ме?

**Құрметпен,
Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттар Ш. Хахазов**

С. Абдрахманов

В. Божко

Н. Жұмаділдаева

Р. Ким

Н. Микаелян

А. Мурадов

Ш. Нурумов

Ю. Тимощенко

М. Чирков

«Нұр Отан» фракциясының депутаты

*Орын.: Жорабаев К.
Тел: 74-62-59*



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “_____” _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламенті

«__» _____ 201__ года
№ _____

Оглашен 19 декабря 2018 года

**Премьер-министру
Республики Казахстан
Сагинтаеву Б.А.**

Депутатский запрос

Уважаемый Бакытжан Абдирович!

В 2015 году в Кодекс об административных правонарушениях РК внесены поправки, предусматривающие наказание за попрошайничество в виде штрафа. Общественно порицаемое наказание перешло в разряд административно наказуемого. По прошествии почти четырех лет с момента принятия нового кодекса мы можем констатировать, что особого действия законодательные поправки не возымели. Более того, благодаря смягченным нормам попрошайничество приобрело весьма значительный размах.

Эта проблема не обошла стороной даже Астану, где, казалось бы, за порядком должны следить в первую очередь. На правом берегу столицы с протянутой рукой ходят взрослые и малолетние дети – как мигранты из соседних стран, так и граждане нашей страны. Настораживает, когда людей в инвалидных колясках привозят к «точкам попрошайничества» и высаживают «работать», а в конце дня у них забирают всю выручку. Это настоящие группировки, которые сделали из попрошайничества нелегальный, а точнее преступный бизнес. Такие факты, конечно же, должны немедленно пресекаться правоохранительными органами.

Окраины города, базары, вокзалы, территории возле мечетей и церквей отражают социальное неблагополучие. А в административном центре столицы – на левобережье – лица без определенного места жительства находят себе пристанище в недостроенных жилых комплексах, скитаются по дворам и детским площадкам. В большинстве своем эти лица являются алкоголиками, наркоманами и носителями различных серьезных заболеваний, от которых они, понятное дело, не лечатся. Сейчас с наступлением холодов данная проблема особенно актуальна – в поисках убежища бомжи заселяются в подъездах жилых домов, подвалах и люках теплоцентрали.

Неуменьшающееся количество бездомных, просящих милостыню людей, свидетельствует о том, что такими репрессивными мерами, как штрафы, эту социальную проблему не решить. Да и каким путем можно получить штраф от человека, просящего милостыню? Правительству необходимо разработать более разумные меры по решению этой насущной проблемы.

подавляющее большинство лиц без определенного места жительства и попрошаек стали вести асоциальный образ жизни не потому, что их зажали в тиски непреодолимые жизненные обстоятельства, а из-за элементарной лени, иждивенческого мировоззрения, нежелания быть активным членом общества. Поэтому сердобольные граждане совершают большую ошибку, давая им милостыню и, таким образом, поощряя тунеядство. Наше подаяние возвращает их! В этом контексте вполне уместно последовать примеру зарубежных стран, в которых штрафуют не попрошаек, а тех, кто им подает.

В Казахстане имеется множество проблем в системе социальных служб. Центры-приюты для лиц, ставших жертвами бытового насилия, не принимают женщин, если у них нет соответствующей бумаги из полиции. Из-за бюрократизма, женщины, оказавшиеся в сложной ситуации, вместе с детьми оказываются на улице, а потом и вовсе выходят просить милостыню. Если строгие правила приема женщин в такие центры-приюты связаны с дефицитом мест, то не уместнее ли ставить вопрос о дополнительном строительстве такого рода социальных учреждений.

С учетом выше изложенного просим ответить на следующие вопросы:

4. Какие меры принимает МВД в целях недопущения организованных группировок, эксплуатирующих труд попрошаек?
5. Какие меры намерено предпринять правительство, чтобы снизить количество бомжей и попрошаек?

6. Ведется ли в стране идентификация лиц без определенного места жительства?

**С уважением,
депутаты от
Ассамблеи народа Казахстана**

**Ш. Хахазов
С. Абдрахманов
В. Божко
Н. Жумадилаева
Р. Ким
Н. Микаелян
А. Мурадов
Ш. Нурумов
Ю. Тимощенко
М. Чирков**

Депутат фракции партии «Нур Отан»

*Исп: Жорбаев К.
Тел: 74-62-59*